



**Г.М. Абдукаликова<sup>1</sup>, Л.М. Утепбергенова<sup>1</sup>, Э.М. Смагулова<sup>1</sup>, Е.Б. Жаркенов<sup>1</sup>,  
А.А. Абдурова<sup>2</sup>, Ж.А. Шахмов<sup>1</sup>, Ф.К. Кенжекурова<sup>1</sup>, А.Е. Елеусинова<sup>1</sup>, Ө.Ж. Тазабекова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

E-mail: abdukalikova\_gm@mail.ru\*

E-mail: utepber78@mail.ru\*

E-mail: elmirasmagulova@mail.ru

E-mail: berdenovich@gmail.com

E-mail: zhanbolat8624@mail.ru\*

E-mail: farida075@bk.ru

E-mail: yeleussinova70@mail.ru

E-mail: omirgul.zhanarbekkyzy2000@gmail.com

<sup>2</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан

E-mail: aisulu.abduova@mail.ru

## АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ҮШІН СУДЫ ТАЗАРТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТИЛДІРУ

## СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ ОЧИСТКИ ВОДЫ ДЛЯ ВОДОСНАБЖЕНИЯ СЕЛЬСКИХ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ

### IMPROVEMENT OF WATER PURIFICATION TECHNOLOGY FOR WATER SUPPLY OF RURAL SETTLEMENTS

**Аңдатпа.** Ауылдық елді мекен тұрғындарын сапалы сумен қамтамасыз ету үшін қажетті ресурстардың жеткіліксіз болуы жиі көздеседі. Су құрамында ауыр металдар, пестицидтер, бактериялар және басқа да әртүрлі зиянды заттар болуы мүмкін. Бұл мақалада ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау үшін суды тазарту технологияларын жетілдірі мәселелері зерттеледі. Сондай-ақ мақалада ауылдық елді мекендердегі ауыз суды заарсыздандыру әдістерінің авындауы жай-куйі де қарастырылды. Мақалада ауылдық жерлерде ауыз су сапасын жақсарту үшін қолданува болатын су тазартудың әртүрлі технологиялары қарастырылды. Мақала авторлары тұрғындардың ауыз су қажеттіліктері үшін суды химиялық, физикалық және кешені тазартуды, сонымен қатар ластанудың әртүрлі түрлерін жоюдың тиімді жолдарына зерттеу жүргізді. Олар сондай-ақ технологиялары инновациялардың атаптанған әдістердің құны мен қуат тұтынуына әсерін талқылады. Тазартудың әртүрлі әдістерінің қолжетімділігіне, тиімділігіне және экологиялық қауіпсіздігіне ерекше назар аударылды. Хлорлау және озондау әдістерін қолданыбай, суды биоцидті өндөу технологиясына талдау жасалынды. Тұмастай алғанда, мақала ауылдық елді мекендерді сумен қамтамасыз ету үшін суды тазартудың заманауи технологияларының мәселелері туралы ақпарат береді және осы аймақтардағы ауыз су сапасын жақсарту шешімдерін ұсынады.

**Түйін сөздер:** заарсыздандыру, хлорлау, озондау, концентрация, суды аралас өндөу.

**Аннотация.** В сельских районах часто имеются ограниченные ресурсы для обеспечения качественной воды для сельского населения. Водная среда, требующая очистки, может содержать различные загрязнения, такие как тяжелые металлы, пестициды, бактерии и другие вредные вещества. Данная статья исследует проблематику совершенствования технологии

очистки воды для водоснабжения сельских населенных пунктов. В статье рассмотрены вопросы текущего состояния методов обеззараживания питьевой воды в сельских населенных пунктах. Статья исследует различные технологии очистки воды, которые могут быть использованы для улучшения качества питьевой воды в сельских районах. Авторы статьи рассматривают химическую, физическую и комплексную очистку воды для питьевых нужд населения, а также их эффективность в удалении различных типов загрязнений. Они также обсуждают влияние технологических инноваций на стоимость и энергопотребление данных методов. Особое внимание уделяется доступности, эффективности и экологической безопасности различных методов очистки. Сделан анализ технологии биоцидной обработки воды без применения методов хлорирования и озонирования. В целом, статья предоставляет информацию о проблемах современной технологии очистки воды для водоснабжения сельских населенных пунктов и предлагает варианты решения для улучшения качества питьевой воды в этих регионах.

**Ключевые слова:** обеззараживание, хлорирование, озонирование, концентрация, комбинированная обработка воды.

**Abstract.** In rural areas, there are often limited resources to provide quality water to rural populations. The aquatic environment that requires cleaning may contain various pollutants such as heavy metals, pesticides, bacteria and other harmful substances. This article explores the problems of improving water purification technology for the water supply of rural settlements. The article discusses the current state of methods of disinfection of drinking water in rural settlements. The article explores various water purification technologies that can be used to improve the quality of drinking water in rural areas. The authors of the article consider chemical, physical and complex water purification for the drinking needs of the population, as well as their effectiveness in removing various types of pollutants. They also discuss the impact of technological innovations on the cost and energy consumption of these methods. Special attention is paid to the accessibility, efficiency and environmental safety of various cleaning methods. The analysis of the technology of biocidal water treatment without the use of chlorination and ozonation methods is made. In general, the article provides information about the problems of modern water purification technology for rural water supply and offers solutions to improve the quality of drinking water in these regions.

**Keywords:** disinfection, chlorination, ozonation, concentration, combined water treatment.

*Kiрил. Қазіргі таңда республиканың ауыл шаруашылығында ауылдық елді мекендерді сумен қамтамасыз ету үшін жер үсті және жер асыт су көздері, сондай-ақ суару каналдарынан толтырылған су қоймалары пайдаланылады. Бұндай су көздерінде ауыр металл иондары, детергенттер, пестицидтер, биофендік элементтер, фенолдар және басқа да адамға қауіпті зиянды заттар бар. Қолданыстағы тазартылған су дайындау қондырылары қазіргі таңда шамадан тыс жүктемемен жұмыс жасауда, ал қолданылатын техникалық және технологиялық шешімдер бірнеше онжылдықтар бұрын жобаланып, жасалынғандықтан су құрамындағы зиянды қосылыстарды толықтай тазартуға қауқарсыз.*

Бұғінде қолданыстағы немесе қайта жаңару сатысында тұрған 40-тан аспайтын топтық су құбырлары жұмыс жасайды. Сенімді жұмыс істеу ұзақтығы 25 жыл болып саналатын нормаланған мерзімге сүйенсек, аталған құбырлардың тозуы 70 %-ды қурайды. Барлық ауылдық сумен жабдықтау жүйелерінің су құбыры желілері мен құрылыстары жоғары тозумен, судың едәуір жоғалуымен (30-40 %) сипатталады, бұл электр энергиясы мен реагенттердің үлкен шығынына әкеледі, нәтижесінде су құнының жоғарылауына, пайдалану қызметтерінің дамымауына және жеткіліксіз жабдықталуына әкеледі.

[2] сәйкес ауыз суға келесідей талаптар қойылады (1-сурет):

Сумен жабдықтау көзінің түрін ескере отырып, су сапасын бағалау үшін жасалынатын зерттеулер жүргізудің ең аз жиілігі жерасты және жер үсті су көздері үшін тоқсанына 1 рет есептеледі.

Ауылдық елді мекендерді сумен қамтамасыз ету үшін суды тазарту жүйелерінің неғізгі кемшіліктеріне жататындар:

– инфракұрылымның жеткіліксіздігі – көптеген ауылдық елді мекендер инфракұрылымның жетіспеушілігі салдарынан су тазарту қуралдарына қол жеткізе алмауда. Бұл тиісті тазарту қуралдарының болмауына немесе олардың ескіруімен байланысты болуы мүмкін;

– қаржылық шектеулер – заманауи су тазарту жүйелерін орнату және техникалық қызмет көрсету шағын ауылдық елді мекендер үшін қолжетімді болмауы, айтарлықтай қаржылық шығындарды талап етеді;

– техникалық мәселелер – кейбір жағдайларда техникалық проблемалар тазарту жүйелерінің тиімділігін төмендетуі мүмкін, әсіресе оларға қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін тиісті мамандардың болмауы себеп болады;

– су көздерінің ластануы – ауылдық жерлерде су көздерінің ауылшаруашылық және өндірістік қалдыктармен ластану қаупі жіңін кездеседі, бұл тазарту процестерін күрделендіріп, оның құнын арттырады;

– халықтың хабарсыздығы мен білімінің төмендігі – кейбір жағдайларда ауыл тұрғындары суды тазартудың маңыздылығын түсінбеуі немесе судың қауінсіздігін қамтамасыз етудің дұрыс әдістері туралы хабарсыз болуы мүмкін, бұл ластанған суды тұтыну әсерінен туындастын аурулардың қаупін арттырады;

– мәселеге жеткіліксіз назар аудару – ауылдық елді мекендер көбінесе саяси және қоғамдық іс-шаралардан шалғай орналасқандықтан, таза сумен қамтамасыз ету мәчелесі мемлекеттік деңгейде шешілуі үшін жеткілікті басымдыққа ие болмауы мүмкін.



**1-сурет.** Ауыз су сапасына қойылатын талаптар

1-5-кестелерде 1-суреттің әрбір тармағы бойынша толық ақпараттар берілген.

**1-кесте.** Химиялық заттардың жалпы көрсеткіштері

№ п/п	Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	Нормативтер (шекті рұқсат етілген концентрациялар – ШРК артық емес)
1	Сутегі көрсеткіші	pH бірліктері	6-9 аралығында
2	Жалпы минералдану	(құрғақ қалдық) мғ/л	1000 (1500)
3	Жалпы қаттылық	мғ-экв./л	7,0 (10)
4	Перманганаттың тотығуы	мғ/л	5,0
5	Мұнай өнімдері, жиынтығы	мғ/л	0,1
6	Беттік белсенді заттар (ББЗ), аниноактивті заттар	мғ/л	0,5
7	Фенолдық индекс	мғ/л	0,25

**2-кесте.** Суды өндеу кезінде түзілетін химиялық заттар

№ п/п	Көрсеткіштер		Өлшем бірлігі	Нормативтер (шекті рұқсат етілген концентрациялар – ШРК), артық емес	Зияндылық көрсеткіші	Қауіптілік класы
1	Хлор	бос қалдық	мг/л	0,3 – 0,5 аралығында	Орг.	3
		байланысқан қалдық	мг/л	0,8 – 1,2 аралығында	Орг.	3
2	Хлороформ (суды хлорлау кезінде)		мг/л	0,2	с.-т.	2
3	Қалдық озон		мг/л	0,3	Орг.	
4	Формальдегид (суды озондау кезінде)		мг/л	0,05	с.-т.	2
5	Полиакриламид		мг/л	2,0	с.-т.	2
6	Белсендірілген кремний қышқылы (Si бойынша)		мг/л	10	с.-т.	2
7	Полифосфаттар (РО4 ~ бойынша)		мг/л	3,5	Орг.	3

**3-кесте.** Су сапасының органолептикалық көрсеткіштері

№ п/п	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Нормативтер, артық емес
1	Иісі	балл	2
2	Дәмі	балл	2
3	Тұсі	градус	20 (35)
4	Бұлдыңғырлығы	ФЛБ (формазин бойынша лайлану бірліктері) немесе мг/л (каолин бойынша)	2,6 (3,5) 1,5 (2)

**4-кесте.** Радиациялық қауіпсіздік көрсеткіштері

№ п/п	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Нормативтер	Зияндылық көрсеткіштері
1	Жалпы α-радиоактивтілік	Бк/л	0,1	Радиация
2	Жалпы β-радиоактивтілік	Бк/л	1,0	Радиация

**5-кесте.** Микробиологиялық және паразитологиялық көрсеткіштері

№ п/п	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Нормативтер
1	2	3	4
1	Жалпы микробтық саны	Колония түзетін бактериялардың саны 1 мл	50-ден артық емес
2	Жалпы колиформды бактериялар	100 мл-дегі бактериялардың саны	Болмайды

## 5-кестенің соны

1	2	3	4
3	Термотолерантты колиформды бактериялар		100 мл-дегі бактериялардың саны
4	Колифағтар		100 мл-дегі бляшка түзетін бірліктер саны
5	Лямблия цисталары	50 л-дегі циста саны	Болмайды
6	Сульфитредуктивті клостирия споралары	20 мл-дегі споралар саны	Болмайды

Аталған мәселелерді шешу мемлекеттік органдардың, жергілікті қауымдастықтардың, халықаралық ұйымдардың және басқа да мұдделі тараптардың бірлескен жұмысын талап етеді. Бұған инфракұрылымды жақсарту, қаржылық қолдау, білім беру бағдарламалары және қоршаган ортаны корғау саласында атқарылылытын жұмыстар кіреді.

Ауылдық елді мекендердегі су тазарту технологиясын жетілдіру қажеттілігі бірқатар факторларға негізделген.

Біріншіден, мұндай елді мекендер, әдетте орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесімен жабдықтала алмайды, сол себепті су көзі ретінде ұнғымаларды немесе өзен су қоймаларын пайдалануға мәжбүр. Алайда, мұндай судың сапасының төмендігі, құрамында зиянды қоспалар, бактериялар мен ластаушы заттардың болуы ауыл тұрғындарының денсаулығына қауіп төндіреді.

Екіншіден, ауылдық елді мекендердегі су ауылшаруашылық қалдықтарымен, пестицидтермен және ауылшаруашылық процесінде қолданылатын тыңайтқыштармен ластануы жиі кездеседі. Осылайша, зиянды заттардың ауыз суға түсуіне жол бермеу үшін суды тиімді тазарту қажеттілігі туады.

Ауылдық елді мекендер үшін суды тазарту технологиясын жетілдіру жергілікті тұрғындардың қауіпсіз ауыз сумен қамтамасыз етілуіне мүмкіндік береді. Бұл ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен денсаулығына оң әсеріп тиғізеді. Сонымен қатар, бұл ауыл шаруашылығының дамуына ықпалын тиғізеді, себебі таза, қауіпсіз су тамақ өндіру және аграрлық инфракұрылымды қолдау үшін аса қажет.

Тазартылған суды тек ішу мақсатында емес, сондай-ақ ауылшаруашылық жерледі суару үшін де пайдалануға болады, бұл өнімділіктің жоғарылауына және өсімдік аурулары қаупінің төмендеуіне әкеледі. Осылайша, ауылдық елді мекендер үшін суды тазарту технологиясын жетілдіру ауылдық жерлердің тұрақты дамуына және осы ауданның экономикалық әл-ауқатын жақсаруына ықпал ететін болады [3].

Ауылдық жерлерді сумен жабдықтауда кездесетін өзекті мәселелері мен келенсіздіктеріне мыналар жатады:

1. Қолжетімді ауыз судың жетіспеушілігі: көптеген аудандарда таза ауыз судың жетіспеушілігі басты мәселелердің бірі болып қала береді. Бұған су қорларын дұрыс басқармау, сумен қамтамасыз ететін инфракұрылымдардың болмауы немесе су көздерінің ластануы себеп болуы мүмкін.

2. Су ресурстарының біркелкі бөлінбеуі: кейбір елді мекендерде су көздері болғанымен, олар кеңістік пен уақыт бойынша біркелкі таралмауы мүмкін, бұл да өз кезеңінде су жетіспеушілігі проблемаларын тудырады.


3. Инфракұрылымның болмауы: әдетте жеткілікті мөлшерде сумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру үшін қажетті инфракұрылымдар жетіспеушілігі жиі кездеседі. Оларға су құбырлары, кәріз жүйелерен немесе су қалдықтарын төрі жүйелерінің болмауы әсер етіп, су ресурстарының тікелей ластануына әкеп соғады.

4. Климаттың өзгериуі: ауылдық жерлердегі судың қол жетімділікі мен сапасына климаттық өзгерістер де өз әсерін тиғізді. Төтенше ауа-райы жағдайлары, оның ішінде құрғақшылық пен су тасқыны су ресурстарына теріс әсер етін, сумен қамтамасыз етуді қынданатуы мүмкін.

5. Экономикалық тұрақтылық: табис көзі төмен ауылдық елді мекендерде, қажетті инфракұрылым мен су технологиясын қамтамасыз ету қаржылық тұрғыдан қындықтар туғызыу мүмкін. Қажетті ресурстардың болмауы да кейде кедері келтіретін проблема болуы мүмкін.


6. Хабарсыздық пен білімнің жетіспеушілікі: ауыл халқы таза ауыз судың маңыздылығы мен му ресурстарын сақтау қажеттілігінен хабарсыз болуы мүмкін. Бұл қолданыстағы су көздерін шамадан тыс жүктеп, су ресурстарының одан әрі сарқылуына әкеп соғуы мүмкін.

[4] сәйкес аймақтардың халқы орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелерімен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілген (2-сурет). Осы мөлшерге сүйенсек, бір тұрғынға күніне орта есеппен 90 л судан келеді (3-сурет). Табиғи су тексерілген технологияларды қолдана отырып тазартылады, және судың құрамы ондаған көрсеткіштер бойынша су арналары мен санитарлық қадағалау органдарымен үнемі бақылауда болады.



2-сурет. Халыққа жіберілген су көлемі, 2020 (млн текш.м)

Ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау мәселесі әрқашан өзекті мәселелердің бірі болған және, өкінішке орай әлі де шешімі табылмаған мәселе болып қала береді. Тұрғындар саны аз ауылдар мен елді мекендерді сумен жабдықтау үшін артезиан үңғымаларын қолдану өте сирек кездесседі, көбінесе жер үсті суларының есебінен жүзеге асырылады. Үңғымалар, негізінен, ауыз су қажеттіліктері мен шаруашылықта пайдалану сияқты халықтың тұрмыстық қажеттіліктері үшін қолданылады, себебі пайдаланылатын жер асты суларын толықтыру белсенді жүзеге асырылмайды. Бір су көзінен алынатын су бір немесе бірнеше отбасын қамтамасыз етуге жетуі мүмкін. Бірақ барлық ауылды, оның ішінде ауыл шаруашылығы қажеттіліктеріне қолдануы мүмкін емес. Бұндай жағдайда су іс жүзінде өндөлмейді.



**3-сурет.** Бір адамға шакқандағы судың орташа тәуліктік демалысы, 2020 (литр)

Су ауылдық елді мекендерде келесі мақсаттарда пайдаланылады:

1. Ауыз су: ішү және ауылдық елді мекен тұрғындарының суға деғен негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажет. Ол ішүге, тамақ дайындауга және сусын дайындауға арналған негізгі сұйықтық ретінде қолданылады.
2. Ауылшаруашылық қажеттіліктері: су өсімдіктердің өсуі мен дамуын қамтамасыз ету үшін, егістіктер мен бактарды суару үшін қажет. Сонымен қатар су мал ішүге және суаруға, жануарларды тамактандыруға, сүт және ет өнімдерін жууга қолданылады.
3. Тұрмыстық қажеттіліктер: су ауылдық елді мекендер тұрғындарының күнделікті тұрмыстық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Ол жуу, тазалау, шомылу және санитарлық қажеттіліктер.
4. Өнеркәсіп: Су ауылдық елді мекендерде болуы мүмкін өнеркәсіптік кәсіпорындарда тауарларды өндіру немесе іртүрлі өндіріс процестерін орындау үшін қолданылады.
5. Табиғи орта: Су экологиялық тепе-тендікті сактауда да маңызды рөл аткарады. Ол топырактың, экожүйенің, өзендер мен көлдердің ылғалдылығын сақтау үшін, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлардың әртүрлі түрлерінің әртүрлілігі мен тіршілік әрекетін қорғау үшін қажет.

Дүниежүзі елдерінде де ауылдық елді мекендерінде таза суға қол жеткізу мәселесі өзекті және бұл тұрғындар денсаулығына елеулі есерін тиғізеді [5].

Ауылдық жерлерде таза суға қол жетімділіктің болмауының басты себебі – ауыз сумен сенімді қамтамасыз ету үшін қажетті инфракұрылымның болмауы. Ауылдық елді мекендердің таза су сумен жабдықтау жүйелері арқылы берілетін қалалық аудандардан айырмашылығы, сапалы сумен қамтамасыз ету жеткілікті дәрежеде болмауында.

Ауылдық елді мекендердегі ауыз су қажетті стандарттарға сай келмейтіндікten және көп жағдайда әртүрлі зиянды заттармен ластанатындықтан, тұрғындар өзен, көл немесе құдықтар сияқтары су көздеріне жүтінуге мәжбүр. Бірақ бұл су көздерінде бактериялар, вирустар, паразиттер және химиялық ластаушы заттар болуы мүмкін, бұл тұрғындардың, әсіресе балалардың денсаулығына аса қауінті болуы мүмкін.

Ауылдық жерлерде таза судың болмауы әртүрлі аурулар мен денсаулыққа көрі әсерін тиғізуі мүмкін. Мысалы, ластанған су диарея, асқазан-ішек жолдарының бұзылуын, зэр шығару жолдарының инфекциясын және ішек паразиттік ауруларын тудыруы мүмкін. Балалардың иммундік жүйесі әлі толық жетілмегендіктен ластанған судан пайда болатын инфекцияларға бейім болып келеді [6].

Ластанған суды ұзак үақыт бойы қолдану тырысқақ, сүзек және А ғепатиті сияқты созылмалы ауруларға тудыру мүмкін және ауруларды асқындыруы тіпті өлімге әкеп соғуы мүмкін.

Сонымен қатар, таза судың қол жетімсіздігі ауылдық жерлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына теріс әсерін тиғізеді. Ластанған судан зардал шефетін халық емделуғе және таза ауыз су сатып алуға қомақты қаржы жұмсауы мүмкін. Бұл өз кезеңінде тұрғындардың білім беру, бизнесті дамыту және жалпы өмір сұру саласын жақсарту мүмкіндіктерін төмендедеді.

Сондай-ақ, ағынды суларды тазарту мен кәдеге жаратудың тиісті әдістері қолданылmasa автокөлік жуатын ағынды сулар ауылдық елді мекендердің ауыз сұнына көрі әсерін тиғізуі мүмкін.

Ағынды сулармен ластанудың неғізгі түрлерінің бірі – автокөліктерді жуу кезінде агатын мұнай өнімдері болып табылады. Бұндай мұнай өнімдері улы болуы мүмкін және де суды, топырақты, тіпті жер асты суларын да ластауы мүмкін. Олар жерге, өзен мен көл суларына қосылып, ауылдық елді мекендердегі экожүйеге де теріс әсер етеді.

Және де, автокөлік жууда қолданылатын сабын, шыны жуғыштар, антифриз және басқа да химиялық заттар ағынды суга түсіү мүмкін. Бұл заттар су ресурстарын ластап, коршаған ортага және адам денсаулығына көрі әсер етуі мүмкін.

Егер ауылдық елді мекендердің автокөліктерді жуу орындарының сарқынды сулары дұрыс тазаланбаса, олар ауыз сумен жабдықтау мақсатында пайдаланылатын өзендерге, көлдерге не су қоймаларына тікелей түсіү де мүмкін. Бұл ауыз судың ластанып, адам денсаулығына зиян тиғізуі мүмкін.

Автокөлік жуатын ағынды сулардың ауылдық елді мекендерге тиғіzetтін теріс әсерін азайту үшін ағынды суларды тазарту мен жоюдың тиісті әдістерін қолдану қажет. Бұған ластаушы заттарды кетіру үшін суды сүзу, тазарту ж.йелерін пайдалану, мұнай өнімдері мен химиялық қалдықтарды жинау және кәдеге жаратуды жатқызысақ болады. Автокөліктерді жууды пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы, талаптар мен нормаларды сактау да ете маңызды.

Авторлар өз зерттеулерінде ағынды суларды тазарту мәселелерін шешуді ұсынды [7]. Зерттеу жұмыстарында авторлар микробтық отын элементтерін (МОЭ) графен оксидімен нығайтылған металлорғаникалық тіректермен (МОТ) интеграциялаудың тиімділігін автокөлік жууға арналған ағынды суларды тазартудың біреғей әдісі ретінде қарастырды.

Ағынды суларды тазартуды жақсарту үшін ультракүлін жарықдиодты дезинфекциялаумен біріктірілген ауылшаруашылық қалдықтарының биофункционализацияланған адсорбенттерінің әлеуеті туралы жаңа көзқарасты авторлар өз зерттеулерінде көрсетті [8]. Зерттеу барысында ғалымдар күн сәулесімен жұмыс істейтін ультракүлін жарықдиодты ағынды суларды тазарту кезінде биосорбцияны күшейту үшін ауылшаруашылық қалдықтарымен (жұзім сығындылары, кофе қабығы және жүгері түйіршіктері) біріктіріліп алынған үш биофункцияланған адсорбенттердің әлеуетін зерттеді.

Ауылдық елді мекендердегі жер асты суларының саласы ағынды сулардың әсерінен қатты зақымдануы мүмкін. Себебі бұл жерлерде орталықтандырылған көріз жүйелері жоқтың қасы және үй мен тұрмыстық қалдықтарды тиісті түрде өндеп, тазарту мүмкін емес. Нәтижесінде бұндай ағынды сулар топыраққа енін, жер асты суларына көрі әсер етуі мүмкін.

Ағынды сулардагы ластаушы заттардың көп мөлшерде болуы, жер асты сулары сапасының айтарлықтай төмендеуіне экеп согуы мүмкін. Жер асты суларының ластануы таза ауыз судың қол жетімділігін төмендетіп, тұргындарды ауруга шалдықтыруы мүмкін. Сонымен қатар, ластанган су ауылшаруашылық өнімдерінің сапасы мен қауінсіздігіне, және топырақ сапасы мен ауыршаруашықтың өнімділігіне кері әсерін тигізеді.

Ауылдық елді мекендердегі ағынды сулардың жер асты сулары сапасына теріс әсерін болдырмау үшін зерттеу авторлары [9] ағынды суларды тазарту жүйесінде ңеолит имидазолат қаркасынан – 67, ңеолит имидазолат қаркасынан – 8, полизэфир сульфонан және графен оксидінен синтезделген жана полимерлі адсорбентті материалды қолдануды ұсынды.

*Әдістер мен материалдар.* Ауылдық елді мекендерде таза ауыз сумен қамтамасыз ету проблемалары жиі кездеседі. Бұл тұтынуга сапалы және қауінсіз сумен қамтамасыз ету туралы маңызды сұрақтар тұгызады [10]. Әсіреле соңғы онжылдықта ауылдық елді мекенде су ресурстарын өндөу мен тазартуды қажет ете бастағы. Мақаламызда ары қарай, біз суды тазарту әдістерін қарастырамыз және олардың тиімділігі мен ауылдық инфрақұрылым контекстінде қолданылуына талдау жасаймыз.

Қазақстан Республикасы аумагында ауыз су құрамындағы зиянды заттардың құрамын әртүрлі әдістермен анықтауды реттейтін бірқатар нормативтік құжаттар қолданылады. Республикада қолданылып жүрген нормативтік құжаттармен қатар, 10-нан астам атауы бар ҚР СТ ГОСТ Р 52180-2010 «Ауыз су. Инверсиялық вольтамметрия әдісімен улы элементтердің құрамын анықтау», сонымен қатар СТБ 1188-99 «Ауыз су. Сапаны бақылауды ұйымдастыру мен әдістеріне қойылатын жалпы талаптар» (Белорусь Республикасының Мемлекеттік стандарты, Қазақстан Республикасында 2022-01-01 енгізілген); ГОСТ Р 51232-98 «Ауыз су. Сапаны бақылауды ұйымдастыру мен әдістеріне қойылатын жалпы тараптар» (Ресей Федерациясының Мемлекеттік стандарты, Қазақстан Республикасына 2022-01-01 енгізілген).

ҚР-да ауыз су халыққа тек нормативтік құжаттар мен сапа стандарттарының талаптарына сәйкес беріледі. Бұл судың белгіленген тазалық пен қауіпсіздік стандарттарын қанагаттандыру үшін қатаң бақылаудан өтіп, халықтың тұтынуы үшін жогары сапаны қамтамасыз ететінін білдіреді. Ауыз су азаматтардың иденсаулығының сақталуына кепілдік бере отырып, белгіленген нормаларга сәйкес әртүрлі зиянды заттар мен микроорганизмдердің болуына үнемі тексеріліп отырылады [11].


Қолданыстагы технологиялардың артықшылықтары мен кемшиліктерін бағалайтын болсақ. Бүтінгі күні ауыз суды тазартудың көптеген жолдары бар. Келесі әдістер суды дайындаудың негізгі әдістері болып табылады.

- химиялық - зиянды микроорганизмдерді жоюға және олардың белсененділігінің төмендеуіне экелетін бейтараптану құралдарын пайдалануды қамтамасыз ететін әдіс;
- физикалық – реагентсіз әдіс;
- кешенді – алдынғы екі технологияларды қосатын әдіс. Атальған әдіс бактериялардың көбеюінің алдын алатын, тиімділігі жогары әдіс болып табылады.

Ауыз суды заарсыздандыруды кешенді тазарту әдісі ретінде қарастырган жән.

Химиялық әдіске жататындар: хлорлау, озондау, күміс, мыс, йод препараттарын қолдану. Хлорлау және озондау әдістері су құбырын тазарту қондыргыларында кеңінен қолданылады. Күміс, мыс, йод препараттарын қолдану автономды нысандардагы судың аз мөлшерін дезинфекциялау үшін қолданылады [12].


Хлорлау (4-сурет) хлор газымен немесе құрамында белсенді хлор бар заттармен жүргізіледі. Бұл әдіс біздің елде гана емес, бүкіл әлемде кеңінен таралған. Ескеретін жайт ол хлордың әсеріне төзімді микроорганизмдердің болуы. Ондай бактерияларды жою үшін хлордың көп мөлшерін енгізу қажет, бұл судың денатурациясына экеледі және судың органолептикалық қасиеттерін нашарлатады.



**4-сурет.** Ауыз суды хлорлаудың технологиялық сұлбасы

Реагенттерді қолдану атап алған процесстердің кемшіліктерін көрсетеді. Кемшіліктеріне дезинфекциялаушы реагенттердің өздерін де, канцерогенді, мутагенді және басқа да бірқатар жагымсыз әсер беретін жанама өнімдерін жатқызысак болады. Суда жиналуда қасиеттіне ие галогенді қосылыстар түзілу қаупін тудыруы мүмкін. Құрамында галоген бар қосылыстардың көздеріне гумин қышқылдары, фульво қышқылдары, хинолиндер, фенол, анилин туындылары және балдырлар метаболизмі өнідері жатады.

Озондау процесі арқылы заразыздандыру процесі (5-сурет) агрессивтілігі төмен әдіс болып табылады. Озон атомдық оттегіні алу үшін оцай ыдырайды, ал бұл өз кезегінде күшті тотықтыргыштардың бірі болып табылады. Атомдық оттегі бактерияларды, спораларды, вирустарды жояды, суда еріген органикалық заттарды бұзады.



**5-сурет.** Озондау арқылы тазартудың негізгі сұлбасы

Озонды суды дезинфекциялаушы зат ретінде қолдану бірнеше жагымсыз қасиеттерге ие, мәселен жанама улы өнімдердің пайда болуы. Ондай өнімдерге: броматтар, альдегидтер, кетондар, карбон қышқылдары, гидроксиденген және алифатты хош іісті қосылыстар жатады. Озон адам үшін улы реагент және жарылғыш зат болып табылады, осы себептен оны суды дезинфекциялаушы зат ретінде қолдану аясын шектелген.

Ауылдық елді мекендер үшін суды тазартуда кешенді тазарту мен тұщыландырудың конверсиялық жылжымалы станциялары қолданылады.

Суды кешенді тазарту және тұщыландыру станциялары суды табиғи ластанудан тазартуға, заарасуздандыруға және залалсыздандыруға арналған. Станцияның жұмысын талдау [13], оның суды тазарту процесіндегі ең әлсіз дезинфекциялау торабы екенін көрсетті. Дезинфекциялаушы заттар ретінде көбінесе кальций ғипохлориті  $\text{Ca}(\text{ClO})_2$  (НГК) немесе кальций ғипохлориті тұзы  $\text{Ca}(\text{ClO})_2 \times 2\text{Ca}(\text{OH})_2 \times 2\text{H}_2\text{O}$  (ДТС ГК) қолданылады. Кальций ғипохлоритін дезинфекциялау мақсатында қолдану экологиялық жағынан тиімсіз болғандықтан, оның орнына дайын ерітінді түріндегі натрий ғипохлоридін қолдану арқылы немесе сол жерде электролиттік жолмен алу арқылы алмастыруға болады. Станцияның техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсарту мақсатында ауылдық сумен жабдықтауда станцияның қолданыстағы технологиялық схемасына аралас ионатор енгізуға болады. Ионаторлар екі электролиз ваннасынан тұрады: біреуі электродты «құміс-тот баспайтын болат», екіншісі электродты «титан-платиналанған титан».

*Нәтижелері.* Ауылдық елді мекендердің сумен жабдықтау жүйелері баяу сұзғілерге неғізделген суды реагенттерсіз ағарту әдісін кеңінен қолданады. Біздің еліміздің ауыл тұрғындары тұратын кейиобір аудандарында жер асты суларында минералдар мөлшері көп, ал жер бетіндегі бұлактар құрғакшылық кезінде қажетті су көлемімен қамтамасыз ете алмайды. Мұндай жағдайларда тұтынушыдан алыс қашықтықта орналасқан фермалар мен совхоздардың су көздерін пайдалануға мәжбүр. Алыс қашықтықтан суды тасымалдау құны арзан болмағандықтан, ең дұрыс шешім – бірнеше шаруа қожалықтары үшін жалпы сумен жабдықтау жүйесін үйімдастыру. Көп жағдайларда ауылдық елді мекендер үшін суды суару жүйелері арналарынан алынған кездерде кездеседі.

Тұшы су көздері жоқ ауылдарды сумен қамтамасыз ету үшін қатты минералданған жер асты су қабаттары, сондай-ақ жер бетіндегі басқа да су көздері қолданылады. Мұндай жағдайларда су экономикалық және басқа да қажеттіліктер үшін қалыпты мөлшерге дейін тұзсыздандырылады. Бұл минералданған сумен және тұшы суды біріктіретін жүйелер болып табылады [14].

Біріктірілген әдістердің іске асырудагы манызды шешім ауылдық жерлердің жағдайына барынша бейімделген жергілікті тазарту қондырғыларын жаңғырту болып табылады. Қолданыстағы жергілікті жүйелердің көпшілігі дезинфекциялаушы ретінде хлорды немесе оның ультракүлгін сәулемен үйлесімін қолданады. Хлорды бактеринид-иондарға ауыстыру экологиялық және эпидемиологиялық қауінсіздік талаптарына жауап беретін ауыз су алуға мүмкіндік береді. Осылайша, судың бактерияға карсы тұрақтығын ұзартатын және процестің эпидемиологиялық қауінсіздігінің тиісті деңгейін қамтамасыз ететін ШРК-дан төмен концентрацияда бактеринид иондарын енгізу арқылы ультракүлгін сәулелену немесе сутегі асқын тотығының белсенелілігін арттыру арқылы суды біріктіретін дезинфекциялау тиімділігін арттыру, осылайша «хлорсыз» су дайындау технологияларын қолданудың ресурс үнемдейтін әсерін қамтамасыз етеді. Мыс иондарымен, ультракүлгін сәулелермен және сутегі асқын тотығымен өндөлген судың бактериялық құрамына жасалған талдау нәтижелері, оның ауылдық елді мекендерде суды дезинфекциялауда қолданудың ең тиімді тәсілі екенін көрсетті.

Суды кешенді тазарту және тұщыландыру станцияларында екі электролизді ванналарды қолдануда, хлоралау әдістерін қолдана отырып суды тазарту әдісі толығымен алынған тасталады. Бірінші ваннада күміс иондары, екіншісінде натрий ғипохлориті пайда болады. Күміс иондары пайда болатын ваннада ионатордың тиімділігін арттыру үшін tot баспайтын болаттан жасалған электродтың орнына мыс электроды қолданылады.

Осылайша, шағын және орта ауылдық елді мекендердің шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жүйелеріндегі суды хлорлауды біріктіретін (УК сәулелері мен мыс иондары немесе күміс иондары) залалсыздандыруға процесіне ауыстырудың тиімділігі анықталады.

Ол өз кезеңінде: 1) табиғи су объектілерін хлордың тұсуінен болатын экологиялық, экономикалық залады азайтуға; 2) дезинфекциялаушы заттардың дозаларын азайту арқылы ресурс үнемдейді арттыруға мүмкіндік береді.

*Қорытынды.* Зерттелген сәулелену дозаларындағы  $H_2O_2$  + УК бірлескен әсері суды дезинфекциялаудың белгіленге нәтижесіне қол жеткізуға мүмкіндік бермейді. Негізгі кемшілігін үльтракүлгін сәулеленудің әсерін тоқтатқаннан кейін және сутегі асқын тотығының (1-3 сағ) ыдырағанынан кейін, тазартылған су қайтадан қарқынды түрде ластануға ұшырайды. Сондықтан суды сутегі асқын тотығымен өндесу барысында суға бактерицид иондарын енғізу ұсынылды. Ультракүлгін сәулелер мен мыс иондары тек  $H_2O_2$  және УК-сәулеленімен қарағанда теренірек дезинфекциялауға қол жеткізді, бұл аталған иондардың ШРК-дан төмен концентрацияда көрінетін катализдік әсерін көрсетеді. Бұндай жүйе ауылшаруашылық су жүйесінде ауыз судың жоғары сапасын қамтамасыз етеді және ұзак мерзімді микробиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді [14, 15].

Ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау үшін суды тазартуды жетілдіруге ұсынылатын суды тазарту технологиялары қаржыландыру мен тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесі, тазарту жүйелерін өзірлеушілер мен операторлардың алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Төменде, осы мәселелердің бірнеше аспектілері көрсетілген:

– орнату мен техникалық қызмет көрсетудің қымбат шығындары. Суды тазартудың заманауи технологияларын орнату да, күтіп ұстау да өте қымбат болуы мүмкін. Бұған жабдықты сатып алу, қызметкерлерді оқыту, энергия шығындары және жүйеге техникалық қызмет көрсету шығындары кіреді. Бюджеті шектеулі ауылдық елді мекендер үшін бұл ауыр жүк болуы мүмкін;

– қаржыландырудың қолжетімсіздігі – кейбір жағдайларда ауылдық елді мекендер суды тазарту жүйелерін жақсарту үшін қаржыландыру алуды біршама қындықтарға тап болуы мүмкін. Олар мемлекеттік немесе халықаралық қорларға қол жеткізе алмауы, және де инфекцияларды өз бетінше тарта алмауы мүмкін;

– технологияның тұрақсыздығы – суды тазартудың кейбір заманауи технологиялары тұрақсыз болуы мүмкін немесе үнемі техникалық қызмет көрсетуді қажет етуі мүмкін. Бұл жабдықты жөндеуға және ауыстыруға қосымша шығындар тудыруы мүмкін, ол өз кезеңінде ауылдық қауымдастықтарға қаржылық жүктемені арттыруға себеп болады;

– ресурстар мен сараптамалардың шектеулі болуы – ауылдық жерлерде суды тазартудың заманауи технологияларын тиімді енғізу және оларға қызмет көрсету үшін білікті қызметкерлер мен ресурстар жетіспейді. Бұл жабдықтың дұрыс жұмыс жасамауына және тазалау тиімділігін төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін.

Бұл мәселелерді шешу үшін кешенді әдістерді қолдану қажет:

1. Мемлекеттік қолдау. Үкімет ауылдық елді мекендердегі суды тазарту жүйелерін жақсарту үшін субсидиялар беру мәселелерін немесе қаржылық қолдаудың басқа да түрлерін қарастыруы мүмкін.

2. Халықаралық ынтымақтастық. Халықаралық ұйымдар мен донорлар суды тазартудың тұрақты технологияларын енғізу үшін қаржылық көмек пен сараптамалық көмек көрсете алады.

3. Оқыту және білім беру. Оқыту бағдарламаларын жүргізу және таза судың маңыздылығы мен дұрыс тазарту әдістері туралы халықты хабардар ету тазарту жүйелерінің тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға көмектеседі.

Суды тазарту саласындағы инновацияларды ынталандыру және қолжетімді және тұрақты технологияларды дамыту да мәселені шешуде шешуші рөл атқаруы мүмкін.

## Әдебиеттер тізімі

1. Тогабаев Е.Т. К вопросу о разработке локальных систем водоснабжения сельских населенных пунктов Казахстана / Сборник материалов I Международной научно-практической конференции «Научное обеспечение жилищно-коммунального хозяйства» / ЕНУ. – Астана, 2012. – С. 42-45.
2. Санитарные правила «Санитарно-эпидемиологические требования к водоисточникам, местам водозабора для хозяйствственно-питьевых целей, хозяйствственно-питьевому водоснабжению и местам культурно-бытового водопользования и безопасности водных объектов», утверждены Приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 16 марта 2015 года № 209.
3. Хайдукова Е.В., Монина Е.С. / Потребление и качество питьевой воды / Наука XXI века: Опыт прошлого – взгляд в будущее / Материалы Международной научно-практической конференции / Сибирская государственная автомобильно-дорожная академия (СибАДИ). 2015. – С. 130-134.
4. <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem/press/article/details/67>.
5. А.В. Малышева / О проблемах сельского водоснабжения и пути их решения. / Energy machines and system, № 2, Санкт Петербург. 2015. – С. 60-67.
6. Будыкина Т.А. / Оценка качества питьевой воды по показателю "общая минерализация" / Современные проблемы охраны труда и окружающей среды / Сборник трудов секции № 10 XXXIII Международной научно-практической конференции. Химки. 2023, С. 26-30.
7. T.Mkilima, Y.Zharkenov, L.Utepbergenova, E.Smagulova, K.Fazylov, I.Zhumadilov, K.Kirgizbayeva, A.Baketova, G.Abdukalikova / Carwash wastewater treatment through the synergistic efficiency of microbial fuel cells and metal-organic frameworks with graphene oxide integration / Case Studies Chemical and Environmental Engineering, Volume 9, June 2024, 100582
8. T.Mkilima, Y.Sabitov, Zh.Shakmov, T.Abilmazhenov, A.Tlegenov, A.Jumabayev, A.Turashev, Zh.Kaliyeva, L.Utepbergenova / Exploring the potential of biofunctionalized agricultural waste adsorbents integrated with UV-LED disinfection treatment / Case Studies Chemical and Environmental Engineering, Volume 9, June 2024, 100582
9. T. Mkilima, Y. Zharkenov, L. Utepbergenova, A. Abduova, N. Sarypbekova, E. Smagulova, G. Abdulkalikova K. Fazylov, I. Zhumadilov / Harnessing graphene oxide-enhanced composite metal-organic frameworks for efficient wastewater treatment / Water Cycle, Volume 5, 2024. – Р. 86-98.
10. Чембарисов Э.И., Рахимова М.Н. / Оценка гидроэкологического качества поверхностных вод по гидробиологическим показателям и качеству питьевой воды / Наука, образование, технологии: проблемы, достижения и перспективы / Сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции. – Москва, 2023. – С. 134-138.
11. Алукер Н.Л., Инновационный подход к определению основных показателей качества питьевой воды и мониторингу качества питьевых вод, употребляемых населением / Проблемы и перспективы современной научной мысли в России и за рубежом / Сборник тезисов III Международной конференции. – Кемерово, 2021. – С. 3-5.
12. Авчинников А.В. / Гигиеническая оценка современных способов обеззараживания питьевой воды / Гигиена и санитария. – № 2, Хабаровск, 2001. – С. 11-20.
13. Т.И. Дрововозова / Научные основы повышения качества воды / Санкт Петербург. 2019
14. Кулакова Е.С. / Повышение качества питьевой воды и рационализация водопотребления как перспектива развития систем водоснабжения сельских поселений / Известия вузов. Северо-Кавказский регион. – № 6. – 2012. – С. 111-115.
15. Петроченко А.В. / Инновационные решения подготовки воды в системах сельскохозяйственного водоснабжения и капельного орошения / Пути повышения эффективности орошаемого земледелия. – № 3 (63). – 2016. – С. 142-150.

## References

1. Togabaev E.T. / K voprosu o razrabotke lokal'nykh sistem vodosnabzheniya sel'skikh naselennykh punktov Kazakhstana / Sbornik materialov I Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii

- «Nauchnoe obespechenie zhilishchno-kommunal'nogo khozyaistva» / ENU. – Astana, 2012. – S. 42-45.
2. Sanitarnye pravila «Sanitarno-epidemiologicheskie trebovaniya k vodoistochnikam, mestam vodozabora dlya khozyaistvenno-pit'evykh tselei, khozyaistvenno-pit'evomu vodosnabzheniyu i mestam kul'turno-bytovogo vodopol'zovaniya i bezopasnosti vodnykh ob"ektov», utverzhdenyy Prikazom Ministra natsional'noi ekonomiki Respubliki Kazakhstan ot 16 marta 2015 goda № 209.
3. Khaidukova E.V., Monina E.S. / Potreblenie i kachestvo pit'evoi vody / Nauka XXI veka: Opyt proshlogo - vzglyad v budushchee / Materialy Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii / Sibirskaia gosudarstvennaya avtomobil'no-dorozhnaya akademiya (SibADI). 2015. – S. 130-134.
4. <https://www.gov.kz/memlekет/entities/krem/press/article/details/67>.
5. A.V. Malyshева / O problemakh sel'skogo vodosnabzheniya i puti ikh resheniya. / Energy machines and system. – № 2. – Sankt Peterburg, 2015. – S. 60-67.
6. Budykina T.A. / Otsenka kachestva pit'evoi vody po pokazatelyu "obshchaya mineralizatsiya" / Sovremennye problemy okhrany truda i okruzhayushchey sredy / Sbornik trudov sektsii № 10 KhKhXIII Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii. – Khimki, 2023. – S. 26-30.
7. T. Mkilima, Y. Zharkenov, L. Utepbergenova, E. Smagulova, K. Fazylov, I. Zhumadilov, K. Kirgizbayeva, A. Baketova, G. Abdulkalikova / Carwash wastewater treatment through the synergetic efficiency of microbial fuel cells and metal-organic frameworks with graphene oxide integration / Case Studies Chemical and Environmental Engineering, Volume 9, June 2024, 100582
8. T. Mkilima, Y. Sabitov, Zh. Shakmov, T. Abilmazhenov, A. Tlegenov, A. Jumabayev, A. Turashev, Zh. Kaliyeva, L. Utepbergenova / Exploring the potential of biofunctionalized agricultural waste adsorbents integrated with UV-LED disinfection treatment / Case Studies Chemical and Environmental Engineering, Volume 9, June 2024, 100582
9. T. Mkilima, Y. Zharkenov, L. Utepbergenova, A. Abduova, N. Sarypbekova, E. Smagulova, G. Abdulkalikova K. Fazylov, I. Zhumadilov / Harnessing graphene oxide-enhanced composite metal-organic frameworks for efficient wastewater treatment / Water Cycle, Volume 5, 2024. – P. 86-98.
10. Chembarisov E.I., Rakhimova M.N. / Otsenka gidroekologicheskogo kachestva poverkhnostnykh vod po gidrobiologicheskym pokazatelyam i kachestvu pit'evoi vody / Nauka, obrazovanie, tekhnologii: problemy, dostizheniya i perspektivy / Sbornik nauchnykh trudov po materialam Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii. – Moskva, 2023. – S. 134-138.
11. Aluker N.L., Innovatsionnyi podkhod k opredeleniyu osnovnykh pokazatelei kachestva pit'evoi vody i monitoringu kachestva pit'evykh vod, upotrebyaemykh naseleniem / Problemy i perspektivy sovremennoi nauchnoi mysli v Rossii i za rubezhom / Sbornik tezisov III Mezhdunarodnoi konferentsii. – Kemerovo, 2021. – S. 3-5.
12. Avchinnikov A.V. / Gigienicheskaya otsenka sovremennoy sposobov obezzarazhivaniya pit'evoi vody / Gigiena i sanitariya. – № 2. – Khabarovsk, 2001. – S. 11-20.
13. T.I. Drovovozova / Nauchnye osnovy povysheniya kachestva vody / Sankt Peterburg, 2019
14. Kulakova E.S. / Povyshenie kachestva pit'evoi vody i ratsionalizatsiya vodopotrebleniya kak perspektiva razvitiya sistem vodosnabzheniya sel'skikh poselenii / Izvestiya vuzov. Severo-Kavkazskii region. – № 6. – 2012. – S. 111-115.
15. Petrochenko A.V. / Innovatsionnye resheniya podgotovki vody v sistemakh sel'skokhozyaistvennogo vodosnabzheniya i kapel'nogo orosheniya / Puti povysheniya effektivnosti oroshaemogo zemledeliya. – № 3 (63). – 2016. – S. 142-150.